



"Жамбыл ГРЭС-і" ашық акционерлік қоғамының акцияларын мемлекеттік меншікке сатып алудың орындылығын анықтау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 10 шілде N 101-ө

"Т. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Жамбыл ГРЭС-і" ААҚ) акцияларын мемлекеттік меншікке сатып алуға байланысты мәселелер жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- Өтепов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Эдуард Карлұлы министрлігінің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитеті
төрағасының бірінші орынбасары,
жетекші
- Бертісбаев - Қазақстан Республикасының
Несіпкүл Бертісбайұлы Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі Электр
энергетикасы және қатты отын
департаментінің директоры
- Әбітаев - "KEGOC" электр желілерін басқару
Есберген Әбітайұлы жөніндегі қазақстандық компания"
ашық акционерлік қоғамының вице-президенті
(келісім бойынша)
- Әбдірахманов - Қазақстан Республикасының
Есіркеп Оңланбекұлы Экономика және сауда министрлігі
Өнеркәсіп салалары мен инфрақұрылым
департаментінің директоры
- Ахметов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Ермек Салықұлы министрлігінің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитеті
жекешелендіруден кейінгі бақылау
басқармасының бөлім бастығы
- Әшімхан - Қазақстан Республикасының Әділет
Ғани Әшімханұлы министрлігі Заңнама департаментінің

жетекші маманы
Мұсағалиев - "Қазкоммерцбанк" ашық
Төлеқай Хамитұлы акционерлік қоғамы басқармасы
төрағасының кеңесшісі (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2002 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде "Жамбыл ГРЭС-і" ААҚ-тың акцияларын мемлекеттік меншікке сатып алудың орындылығы мен мүмкіндігі туралы ұсыныстарды қарастырсын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынатын болсын.

Премьер-Министр

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.